

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы « 28 » мамырдағы
№ 385 қаулысымен
бекітілген

**Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың
жергілікті атқарушы органдарының қарыз алу мақсаттарының
тізбесі**

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуы:

1) «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу объектілерінде тұрғын үй және (немесе) пәтер салуды және (немесе) алуды, сатып алуды;

2) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын және Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне кірмейтін өзге де құжаттарды іске асыру шеңберінде сарқынды суларды тазарту құрылысжайларының кешендерін, жылумен, электрмен, сумен жабдықтау және су бұру желілері мен жүйелерін салуды және жаңғыртуды (реконструкциялауды, күрделі жөндеуді);

3) мектептерді реновациялауды қаржыландыру үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруы түрінде жүзеге асырылады.
